



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 8 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 8 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 51 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакторы: Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;
Редактордың орынбасары: Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық
байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі
басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем
жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті
директорының орынбасары; Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу
департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-
аудармашысы;

Шығаруға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар
департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Коктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Басылымы – 100 дана
1995 жылдан бастап шығарылады



«АСЫЛ КІТАП» БАСПА ҮЙІ ЖШС

Қазақстан Республикасы
050009, Алматы қаласы
Абай данғылы, 143
asylkitap@mail.ru
+7 (727)394 41 67

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 26 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2013 жылғы 3 шілде**

*«Қазақстан халқының ертегілері» монеталар сериясынан
«Алдар-Көсе», «Бауырсақ» ескерткіш монеталарын
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 3 шілдеден бастап «Қазақстан халқының ертегілері» монеталар сериясынан нейзильбер қоспасынан номиналы 50 теңгелік «Бауырсақ» және «Алдар-Көсе» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Нейзильберден» жасалған «АЛДАР-КӨСЕ» ескерткіш монетасының бет жағында (аверсінде) орталық бөлікте ою-өрнек аясында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50» деген сан және «ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Сол және оң жағында қарама-қарсы ұлттық ою-өрнектің элементі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және орыс тілінде «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазу бар. Жазулар нүктелермен бөлінген. Айналысқа шығыңқы жиек жүргізілген.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлікте есекке мінген жаһангер ертегі кейіпкерінің стильдендірілген суреті, қасында ілесіп жүрген иті бейнеленген (М. Әлин иллюстрациясының фрагменті). Монетаның сол жақ бөлігінде айналысқа мемлекеттік тілде «Алдар-Көсе» деген жазу бар. Оң жақ бөлігінде соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан жазылған. Жоғары бөлігінде Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Айналысқа шығыңқы жиек жүргізілген.

Монетаның бет жағындағы және сырт жағындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монеталар «нейзильбер» қоспасынан дайындалған, массасы – 11,17 грамм, диаметрі – 31,0 мм, таралымы – 100 000 дана.

«Нейзильберден» жасалған «Бауырсақ» ескерткіш монетасының бет жағында (аверсінде) орталық бөлікте ою-өрнек аясында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50» деген сан және «ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Сол және оң жағында қарама-қарсы ұлттық ою-өрнектің элементі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және орыс тілінде «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазу бар.



Сырт жағында (реверсінде) монетаны бойлай ертегі кейіпкерлері бейнеленген, ортасында мемлекеттік тілде «БАУЫРСАҚ» және орыс тілінде «КОЛОБОК» деген жазу бар. Монетаның жоғарғы бөлігінде соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерленген. Айналдыра шығыңқы жиек жүргізілген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монеталар «нейзильбер» қоспасынан дайындалған, массасы – 11,17 грамм, диаметрі – 31,0 мм, таралымы – 100 000 дана.

Номиналы 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі

«Нейзильберден» жасалған «Бауырсақ», «Алдар-Көсе» ескерткіш монеталары Қазақстан халықтарының ертегілеріне арналған серияның бірінші және екінші монетасы болып табылады.

Алдар-Көсе – адамның есімі емес, лақап есім. Алдар – алдаушы дегенді, Көсе – сақалы жоқ дегенді білдіреді. Алдар-Көсе – қазақ халық ертегілерінің кейіпкері.

Бауырсақ - орыс халқының ертегісі.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Нейзильбер қоспасынан жасалған ескерткіш монеталардың әрқайсысының бір мың данасы жақсартылған арнайы пластикалық термовакуумды орауға салынған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады, Алматы қаласындағы мекенжайы: Панфилов көшесі, 98. Анықтама телефоны +7(727) 273-83-98.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39

E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 27 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2013 жылғы 3 шілде**

*«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары
съезіне 10 жыл» ескерткіш монеталарынайналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 3 шілдеден бастап «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» ескерткіш күміс монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» ескерткіш монетасының бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде ою-өрнек аясында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500» деген сан және «ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Сол және оң жағында қарама-қарсы ұлттық ою-өрнектің элементі бар. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және орыс тілінде «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазу бар.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) Астана қаласындағы «Бейбітшілік және Келісім сарайы» бейнеленген. Оң жағында үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» деген мәтін бар. Сол жағында Ұлттық Банктің логотипі және монета дайындалған металды білдіретін «Ag 925 31,1 g» деген жазу орналасқан. Төменгі бөлігінде Бірінші съездің ұйымдастырылған және өткізілген жылын және монетаның соғылған жылын білдіретін «2003-2013» деген сандар бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы - 3 мың дана, қыры (гурты) бедерлі.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі

«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» ескерткіш монетасы Қазақстан тарихындағы айтулы оқиғаларға арналған.

Бейбітшілік және Келісім сарайы – Қазақстанның елордасы Астана қаласында «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының конгресін» өткізу үшін арнайы сәулетші сэр Норманн Фостер салған пирамида.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193

Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Ол кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады, Алматы қаласындағы мекенжайы: Панфилов көшесі, 98. Анықтама телефоны +7 (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39
E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 28 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2013 жылғы 10 шілде**

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2013 жылғы маусымда инфляция 0,3% (2012 жылғы маусымда – 0,3%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,1%-ға (0,2%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,2%-ға (0,2%-ға) өсті. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,5%-ға (0,4%-ға) көтерілді.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2013 жылғы маусымда көп дәрежеде жемістер мен көкөністер 2,0%-ға, оның ішінде бас пияз бен картоп – әрқайсысы 7,7%-ға, сәбіз 5,7%-ға, сондай-ақ макарон өнімдері 0,2%-ға, ет және ет өнімдері 0,1%-ға, балық және теңіз өнімдері 0,1%-ға, алкогольсіз сусындар 0,3%-ға қымбаттады. Сонымен қатар жұмыртқа бағасының 8,4%-ға, жарманың 1,3%-ға, күріштің 0,1%-ға, май және тоң майдың 0,4%-ға төмендеуі тіркелді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында сырт киімнің бағасы 0,3%-ға, аяқ киім 0,4%-ға, күнделікті үй заттары 0,2%-ға, дәрі-дәрмек 0,1%-ға көтерілді. Бензиннің құны 0,2%-ға, дизель отыны 0,5%-ға төмендеді.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық сала қызметтерінің ақысы 0,6%-ға өсті. Бұл ретте орталықтан жылыту тарифтері 1,4%-ға, салқын су 1,2%-ға, тұрғын үй жалдау және кәріз – әрқайсысы 1,5%-ға өсті. Қоқысты жинау тарифтері 0,2%-ға төмендеді. Бұдан басқа өткен айда медициналық қызметтер бағасы 0,4%-ға, көлік қызметтері 0,6%-ға, оның ішінде темір жол көлігі 0,9%-ға, әуе көлігі 0,7%-ға, байланыс қызметтері 0,1%-ға, мейрамханалар мен қонақ үйлер қызметтері 0,7%-ға, аяқ киім жөндеу 0,1%-ға көтерілді.

2013 жылғы қаңтар-маусымда инфляция 2,7% (2012 жылғы қаңтар-маусымда 2,7%) құрады. Азық-түлік тауарлары 2013 жылдың басынан бастап 1,7%-ға (2,5%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 1,1%-ға (1,8%-ға), ақылы қызметтер 5,4%-ға (3,9%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

2012 және 2013 ж.ж. қаңтар-маусымдағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2013 жылғы маусымда инфляция жылдық көрсетуде 5,9%-ды құрады (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%). Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 4,5%-ға (5,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 2,8%-ға (3,5%-ға), ақылы қызметтер 10,9%-ға (9,3%-ға) қымбаттады.

2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2013 жылғы маусымда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 26,1 млрд. АҚШ долл. дейін 7,9% азайды (жыл басынан бері 7,6% төмендеді). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері негізінен алтын бағасының төмендеуі есебінен 8,1% азайып, 25,6 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бері 7,8% төмендеді). Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2013 жылғы маусымда 6,5% азайды, алтындағы активтер 13,7%-ға қысқарды.

2013 жылғы маусымда елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 63,5 млрд. АҚШ долл.) 89,6 млрд. АҚШ долларына дейін 2,2% төмендеді (жыл басынан бері 4,1% өсті).

2013 жылғы маусымда ақша базасы 1,8%-ға кеңейіп, 3094,7 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 7,1%-ға кеңейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3048,5 млрд. теңгеге дейін 2,4%-ға кеңейді.

2013 жылғы мамырда ақша массасы 11318,4 млрд. теңгеге дейін 2,4% ұлғайды (жыл басынан бері 7,6% өсті). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1460,2 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға өсті (жыл басынан бері 4,4% төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 2,6% өсіп, 9858,2 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 9,6% өсті). Депозиттердің ақша массасының құрылымындағы үлесі айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 85,5%-дан 2013 жылғы мамырдағы 87,1%-ға дейін ұлғайды.

Ақша мультипликаторы 2013 жылғы мамырда тіркелген ақша базасының кеңеюі қарқынымен салыстырғанда ақша массасы өсуінің басым қарқыны салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 3,64-тен 2013 жылғы мамырдың қорытындылары бойынша 3,72-ге дейін өсті.

3. Валюта нарығы

2013 жылғы маусымда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 151,28–151,76 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін бір ай ішінде 0,2%-ға төмендеп, 151,65 теңге болды (жыл басынан бастап 0,6%-ға төмендеу).

2013 жылғы маусымда қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2013 жылғы мамырмен салыстырғанда 2,4%-ға төмендеп, 4,2 млрд. АҚШ долл. болды (жыл басынан бастап 23,8 млрд. АҚШ долл.). Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 22,7%-ға төмендеп, 1,7 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бастап 9,5 млрд. АҚШ долл.).

Жалпы алғанда ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 9,4% төмендеп, 5,9 млрд. АҚШ долл. болды (жыл басынан бастап 33,4 млрд. АҚШ долл.).

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2013 жылғы маусымда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 4 аукцион өткізілді. Онда 12 айлық МЕККАМ (3,4 млрд. теңге), 7 жылдық МЕУКАМ (15,0 млрд. теңге), 15 жылдық МЕУКАМ (16,9 млрд. теңге), 8 жылдық МЕУЖКАМ (30 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12 айлық МЕККАМ бойынша – 3,00%, 7 жылдық МЕУКАМ бойынша – 5,90%, 15 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,30%, 8 жылдық МЕУЖКАМ бойынша – инфляция деңгейінен 0,01% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 0,9% ұлғая отырып, 2013 жылғы маусымның аяғында 3095,8 млрд. теңге құрады (жыл басынан бастап 6,6%-ға ұлғайды).

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. 2013 жылғы маусымда Ұлттық Банк ноттарының эмиссиясы жүргізілген жоқ.

Нәтижесінде айналыстағы ноттардың көлемі 2013 жылғы маусымның аяғында 2013 мамырмен салыстырғанда 43,2%-ға қысқарып, 44,5 млрд. теңге болды (жыл басынан бастап 76,1%-ға қысқарды).

5. Банкаралық ақша нарығы

2013 жылғы мамырда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2013 жылғы сәуірмен салыстырғанда 3,3%-ға азайып, баламасы 2610,4 млрд. теңге болды.

Орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттердің көлемі 35,1%-ға төмендеді және 366,1 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 14,0%) болды. Бұл ретте орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы мамырда 0,56%-дан 0,83%-ға дейін өсті.

2013 жылғы мамырда 2013 жылғы сәуірмен салыстырғанда орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі 4,1%-ға ұлғайып, 14,0 млрд. АҚШ долл. (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 80,7%) болды. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы

мөлшерлемесі 2013 жылғы мамырда 0,10%-дан 0,14%-ға дейін өсті.

Рубльдегі және еуроға депозиттерге орналастыру көлемі шамалы болып қалуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен тиісінше 4,6 және 0,6%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2013 жылғы мамырда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 79,1%-дан 86,0%-ға дейін ұлғайды. Орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі 78,7%-дан 84,8%-ға дейін ұлғайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2013 жылғы мамырда 2013 жылғы сәуірмен салыстырғанда 340,4 млрд. теңгеге дейін 37,8%-ға азайды.

6. Депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2013 жылғы мамырда 9858,2 млрд. теңгеге дейін 2,6%-ға өсті (жылдың басынан бастап өсім 9,6%). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 6304,2 млрд. теңгеге дейін 3,3%-ға көтерілді (жыл басынан бастап 12,1%-ға өсу), жеке тұлғалардың депозиттері 3554,0 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға өсті (жыл басынан бастап 5,4%-ға өсу).

2013 жылғы мамырда ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 6416,8 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға төмендеді (заңды тұлғалар – 3,9%-ға төмендеу, жеке тұлғалар – 1,0%-ға өсу), шетел валютасында 3441,4 млрд. теңгеге дейін 13,1%-ға ұлғайды (заңды тұлғалар – 22,4% өсу, жеке тұлғалар – 1,7%-ға өсу). Депозиттердің теңгедегі үлес салмағы бір айда 68,3%-дан 65,1%-ға дейін төмендеді.

Банктердегі халықтың салымдары (резидент еместерді қоса есептегенде) 2013 жылғы мамырда 3589,9 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға өсті (жыл басынан бастап 5,3%-ға өсу).

Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 2178,9 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттер 1411,0 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға өсті. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 60,9%-дан 60,7%-ға дейін азайды.

2013 жылғы мамырда мерзімді депозиттер 6167,2 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға ұлғайды. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгедегі депозиттер 4065,9 млрд. теңгеге дейін 1,4%-ға түсті, шетел валютасындағы депозиттер 2101,3 млрд. теңгеге дейін 5,2%-ға өсті.

2013 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 3,2% (2013 жылғы сәуірде - 3,0%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 6,8% (6,9%) болды.

7. Кредит нарығы

2013 жылғы мамырда банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 10373,6 млрд. теңгені құрап, 1,1%-ға артты (жыл басынан бастап 4,2% өсу).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 7533,4 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға жоғарылап (жыл басынан бастап 7,0%-ға өсу), шетел валютасындағы кредиттердің көлемі 2840,2 млрд. теңгеге дейін 0,6%-ға өсті (жыл басынан бастап 2,6%-ға төмендеу). Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 72,5%-дан 72,6%-ға дейін ұлғайды.

2013 жылғы мамырда ұзақ мерзімді кредиттеу 8423,5 млрд. теңгені құрап, 1,5%-ға өсті, қысқа мерзімді кредиттеу 1950,1 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға төмендеді. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,9%-дан 81,2%-ға дейін өсті.

2013 жылғы мамырда заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 7234,6 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға артты, жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 3139,0 млрд. теңгеге дейін 2,9%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 29,7%-дан 30,3%-ға дейін өсті.

2013 жылғы мамырда шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 1458,9 млрд. теңгеге дейін 4,0%-ға өсті (жыл басынан бастап 3,3%-ға өсу), бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 14,1%-ын құрайды.

Банктердің экономикаға берілген кредиттерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалық бөлуде сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,5%), құрылыс (13,3%), өнеркәсіп (12,2%), көлік (4,1%) және ауыл шаруашылығы (3,0%) сияқты салаларға тиесілі.

2013 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	29-01.07	02.07	03.07	04.07	05.07	06-09.07	10.07	11.07	12.07	13-15.07	16.07
Австралия доллары	AUD	140,26	139,19	139,58	138,05	138,75	139,25	140,22	140,3	139,47	138,75
Ағылшын фунт стерл.	GBP	231,28	231,25	230,8	231,59	231,77	227,89	226,74	229,62	230,69	229,65
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	68,99	68,03	68,24	67,53	67,08	67,61	67,51	67,01	67,62	67,26
Венгер форингі	HUF	0,67	0,67	0,67	0,67	0,67	0,67	0,67	0,68	0,68	0,68
1 Гонконг доллары	HKD	19,55	19,57	19,59	19,6	19,61	19,61	19,64	19,63	19,65	19,67
Дат кронасы	DKK	26,54	26,57	26,51	26,4	26,48	26,25	26,18	26,63	26,66	26,66
Дихрам БАӘ	AED	41,29	41,33	41,35	41,37	41,39	41,4	41,47	41,45	41,51	41,55
АҚШ доллары	USD	151,65	151,81	151,88	151,95	152,01	152,05	152,31	152,25	152,44	152,61
Еуро	EUR	197,90	198,11	197,75	196,91	197,55	195,78	195,26	198,61	198,78	198,76
Канада доллары	CAD	144,83	144,35	144,58	144,4	144,69	144,27	144,82	146,65	147,13	146,5
Қытай юаны	CNY	24,71	24,75	24,77	24,79	24,82	24,79	24,83	24,82	24,84	24,87
Кувейт динары	KWD	532,11	532,11	532,17	531,85	532,43	531,09	531,44	533,46	534,13	534,54
Қырғыз сомы	KGS	3,12	3,12	3,12	3,13	3,12	3,12	3,12	3,12	3,12	3,12
Латвия латы	LVL	282,30	282,44	281,89	280,76	281,76	279,2	278,04	282,94	283,03	283,08
Литва литі	LTL	57,37	57,4	57,27	57,06	57,24	56,71	56,57	57,54	57,59	57,6
Малазия рингитті	MYR	48,01	48,02	47,97	47,72	47,78	47,71	47,91	48,08	48,01	47,86
Молдова лейі	MDL	12,25	12,15	12,24	12,25	12,25	12,09	12,2	12,19	12,13	12,23
Норвег кронасы	NOK	25,09	25,01	24,9	24,92	24,94	24,74	24,88	25,02	25,19	25,13
Польша злотыйы	PLN	45,74	45,75	45,71	45,37	45,74	45,73	45,2	45,87	45,92	46,34
Сауд Аравиясының риялы	SAR	40,44	40,48	40,5	40,52	40,53	40,54	40,61	40,6	40,65	40,7
Ресей рублі	RUB	4,63	4,62	4,6	4,57	4,58	4,57	4,63	4,66	4,67	4,67
СДР	XDR	228,05	228,32	228,15	228,09	227,84	227,9	226,72	226,62	228,94	229,1
Сингапур доллары	SGD	120,13	119,83	119,94	119,43	119,56	119,24	119,43	120,44	120,65	120,5
Тәжік сомониі	TJS	32,07	31,86	31,86	31,87	31,88	31,89	31,95	31,94	31,98	32,26
1 түрік лирі	TRY	78,90	78,92	78,86	78,04	78,05	78,06	78,23	78,34	78,05	78,54
Өзбек сумы	UZS	0,07	0,08	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07
Украин гривнасы	UAH	18,60	18,62	18,65	18,64	18,65	18,64	18,68	18,67	18,7	18,71
Чех кронасы	CZK	7,63	7,62	7,61	7,57	7,59	7,58	7,55	7,66	7,66	7,65
Швед кронасы	SEK	22,57	22,75	22,74	22,59	22,69	22,63	22,52	22,82	22,88	22,85
Швейцар франкі	CHF	160,41	160,71	160,19	160,1	160,28	158,58	157,2	160,2	160,4	160,44
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	15,20	15,32	15,3	15,08	15,12	15,15	15,19	15,33	15,21	15,41
100 оңтүстік корейя воны	KRW	13,29	13,4	13,39	13,31	13,35	13,32	13,42	13,56	13,55	13,59
1 жапон йенасы	JPY	1,53	1,52	1,52	1,52	1,53	1,52	1,52	1,53	1,54	1,53

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан биржасының қор сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
10.06-14.06	151,51	151,48	0,09	916,55
17.06-21.06	151,35	151,34	-0,09	1 037,55
24.06-28.06	151,76	151,60	0,17	1 141,75
24.06.2013	151,54	151,44	-0,07	225,45
25.06.2013	151,44	151,47	0,02	205,90
26.06.2013	151,47	151,66	0,13	225,30
27.06.2013	151,66	151,76	0,07	242,05
28.06.2013	151,76	151,65	-0,07	243,05
01.07-05.07	151,88	151,95	0,40	909,20
01.07.2013	151,65	151,81	0,11	183,00
02.07.2013	151,81	151,88	0,05	108,90
03.07.2013	151,88	151,95	0,05	273,10
04.07.2013	151,95	152,01	0,04	104,00
05.07.2013	152,01	152,05	0,03	240,20

* өткен кезеңге өзгерістер




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ				
29.04-04.05	4,97	19,80	0,34	23,6
06.05-10.05	-	-	-	-
13.05-17.05	1,45	100,69	5,87	30,2
20.05-24.05	1,35	38,09	6,10	6,67
27.05-31.05	15,13	6,61	инф+0,01	10,0
03.06-07.06	0,38	63,70	3,00	3,40
10.06-14.06	2,69	18,46	6,30	16,9
17.06-21.06	7,14	14,00	5,90	15,0
24.06-28.06	16,56	18,11	инф+0,01	30,0
01.07-05.07	1,00	94,96	2,95	14,2
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
29.04-04.05	0,17	100	1,05	1,7
06.05-10.05	-	-	-	-
13.05-17.05	0,59	100	1,05	5,9
20.05-24.05	-	-	-	-
27.05-31.05	-	-	-	-
03.06-07.06	-	-	-	-
10.06-14.06	-	-	-	-
17.06-21.06	-	-	-	-
24.06-28.06	-	-	-	-
01.07-05.07	0,70	100	1,05	7,0

Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
19.04.13	3 110 030,48	2 318 770,63	614 627,79	89 404,44	87 227,61
26.04.13	3 125 386,95	2 331 993,01	614 627,79	89 404,44	89 361,70
04.05.13	3 111 508,05	2 317 893,01	609 627,79	103 007,70	80 979,55
10.05.13	3 111 508,05	2 317 893,01	609 627,79	103 007,70	80 979,55
17.05.13	3 139 172,23	2 333 540,26	624 187,58	103 007,70	78 436,68
24.05.13	3 145 838,89	2 340 206,93	624 187,58	103 007,70	78 436,68
31.05.13	3 148 012,23	2 350 206,93	616 360,92	103 007,70	78 436,68
07.06.13	3 122 787,02	2 325 702,93	616 360,92	106 405,75	74 317,42
14.06.13	3 109 931,25	2 342 650,97	601 694,25	106 405,75	59 180,27
21.06.13	3 124 931,25	2 357 650,97	601 694,25	106 405,75	59 180,27
28.06.13	3 140 282,23	2 387 650,97	601 694,25	106 405,75	44 531,25
05.07.13	3 147 779,71	2 387 650,97	601 694,25	106 921,43	51 513,05

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
01.07.2013	5,346
02.07.2013	4,217
03.07.2013	4,197
04.07.2013	4,197
05.07.2013	5,758
<i>эмиссия басынан бері</i>	-1,879
<i>апта үшін</i>	0,412



4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %
24.06-28.06	332,7	3 150,5	-22,0	527,2	129,2	35,6
01.07-05.07	310,3	3 125,6	-0,8	368,2	91,8	-28,9


Банкаралық ақша аудару жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
28.06.2013	05.07.2013	кезең үшін	2001ж. жел.бастап
14 909,60	15 135,84	1,52%	49,31%
13 677,32	14 309,97	4,63%	35,73%
7 959,22	7 806,00	-1,93%	51,28%
6 215,47	6 375,52	2,58%	22,64%
20 803,29	20 854,67	0,25%	82,43%


Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы



Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	28.06.2013	05.07.2013	кезең үшін	2001ж. жел.бастап
USD/JPY	99,14	101,20	2,08%	-22,81%
GBP/USD	1,5213	1,4890	-2,12%	2,60%
EUR/USD	1,3010	1,2829	-1,39%	44,88%
USD/RUR	32,88	33,16	0,86%	8,74%



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		28.06.2013	05.07.2013	кезең үшін	2001ж. жел.бастап
алтын	тр.ун.	1234,6	1223,2	-0,92%	342,15%
мыс	метр.тонна	6 731,0	6 820,0	1,32%	366,98%
мырыш	метр.тонна	1 821,0	1 808,5	-0,69%	134,41%
м?най	баррель	102,16	107,61	5,33%	430,10%
асты?	тонна	243,61	238,1	-2,26%	136,07%



6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер


	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырыл- ған депозит- тер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
10.06.13-14.06.13								
KZT	23 550 000	1,42	0	0,00	1 113 000	4	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	3 730 267	0,07	315 000	0,14
EURO	300	0,30	0	0,00	10 000	0,02	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	5 284 000	4,96	0	0,00
17.06.13-21.06.13								
KZT	15 100 000	0,67	1 000 000	9,00	1 329 000	3	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	3 393 263	0,07	10 347	0,32
EURO	3 100	0,30	0	0,00	10 000	0,02	148	6,00
RUR	0	0,00	0	0,00	6 812 000	5,04	0	0,00
24.06.13-28.06.13								
KZT	39 500 000	0,79	2 000 000	3,63	2 517 000	1	0	0,00
USD	25 000	0,03	0	0,00	2 107 226	0,07	538 000	0,23
EURO	5 100	0,50	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	6 153 000	5,04	0	0,00
01.07.13-05.07.13								
KZT	51 900 000	0,70	0	0,00	415 000	1	0	0,00
USD	35 000	0,11	0	0,00	1 645 316	0,08	15 186	0,32
EURO	500	0,50	0	0,00	10 000	0,02	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	6 335 000	4,90	6 000	9,50

*- валюта мың бірлігі



Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	% *		
10.06.13-14.06.13 USD RUB EUR	260 308 73 627 9 038	228 964 62 500 9 038	88,0 84,9 100,0	151,46 4,68 201,26	151,47 4,68 201,26
17.06.13-21.06.13 USD RUB EUR	723 091 138 800 9 990	608 600 138 800 9 990	84,2 100,0 100,0	151,50 4,72 201,80	151,52 4,72 201,80
24.06.13-28.06.13 USD RUB EUR	459 667 45 200 10 066	313 603 45 200 10 066	68,2 100,0 100,0	151,64 4,63 198,33	151,64 4,63 198,33
01.07.13-05.07.13 USD RUB EUR	136 207 29 171 12 066	101 900 26 900 11 106	74,8 92,2 92,0	151,96 4,62 197,43	151,94 4,61 197,40



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 27 мамыр

№ 127

*2006 жылғы үлгідегі және 2012 жылғы үлгідегі номиналы 2 000 теңгелік
банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы*

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ұлттық валюта ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды айналыстан алу жөнінде оңтайлы жұмысқа қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2006 жылғы үлгідегі (бұдан әрі - ескі үлгідегі ақша белгісі) және 2012 жылғы үлгідегі (бұдан әрі - жаңа үлгідегі ақша белгісі) номиналы 2 000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңі 2013 жылғы 29 наурыз - 2015 жылғы 28 наурыз аралығы болып белгіленсін.

2. Ескі және жаңа үлгілердегі ақша белгілерінің қатар айналыста болу кезеңінде:

1) екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар:

ескі және жаңа үлгілердегі ақша белгілерін жеке және заңды тұлғаларға өз кассаларынан, сондай-ақ банкоматтар арқылы беруді жүзеге асырады;

операциялық кассаға келіп түсетін ескі және жаңа үлгілердегі ақша белгілерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1482 тіркелген) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) филиалдарына тапсырады;

2) Ұлттық Банктің филиалдары:

ескі және жаңа үлгілердегі ақша белгілерін жеке және заңды тұлғаларға айналым кассаларынан беруді жүзеге асырады;

заңды тұлғалардан ескі және жаңа үлгілердегі ақша белгілерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 467 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2685 тіркелген) сәйкес кейіннен екінші деңгейдегі банктердің тиісті корреспонденттік шоттарына қолма-қол емес баламасын аударып отырып шектеусіз қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «2006 жылғы үлгідегі және 2012 жылғы үлгідегі номиналы 2 000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» 2012 жылғы 4 шілдедегі № 201 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7850 тіркелген, 2013 жылғы 30 наурызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 96 (28035) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 05.07.13 ж. №8562 тіркелген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 27 мамыр

№ 130

Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың қаржылық есептілігінің нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың қаржылық есептілікті ұсыну тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мына қаржылық есептілік нысандары бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік баланс (арнайы қаржы компаниялары ұсынады);

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бөлінген активтер бойынша бухгалтерлік баланс (исламдық арнайы қаржы компаниялары ұсынады);

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есеп (исламдық арнайы қаржы компаниялары ұсынады);

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес бухгалтерлік баланс (жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынады);

5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес пайда мен зиян туралы есеп (жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынады);

6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес зейнетақы активтері бойынша бухгалтерлік баланс (жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынады);

7) осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес зейнетақы активтері бойынша пайда мен зиян туралы есеп (жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынады);

8) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес бухгалтерлік баланс (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері ұсынады);

9) осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес пайда мен зиян туралы есеп (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері ұсынады);

10) осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес бухгалтерлік баланс (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, Ұлттық почта операторы, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарды және қызметінің айрықша түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржы ұйымдары ұсынады);

11) осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес пайда мен зиян туралы есеп (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық почта операторын, Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарды және қызметінің айрықша түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржы ұйымдары ұсынады);

12) осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес пайда мен зиян туралы есеп (Ұлттық почта операторы ұсынады);

13) осы қаулының 13-қосымшасына сәйкес инвестициялық қордың (басқа клиенттердің) активтері бойынша бухгалтерлік баланс (инвестициялық портфельді басқарушылар ұсынады, жиынтығында әрбір инвестициялық қор бойынша және басқа да клиенттер бойынша жеке-жеке толтырылады);

14) осы қаулының 14-қосымшасына сәйкес инвестициялық қордың активтері бойынша пайда мен зиян туралы есеп (инвестициялық портфельді басқарушылар ұсынады, әрбір инвестициялық қор бойынша жеке-жеке толтырылады).

2. Осы қаулының 15-қосымшасына сәйкес Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

3. Осы қаулының 16-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен 2013 жылғы 27 маусымда келісілген
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 12 шілдеде № 8571 тіркелген*

Нысан

(арнайы қаржы компаниясының толық атауы)
 20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша
 бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік балансы

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті жылдың аяғында	Өткен жылдың аяғында
1	2	3	4
Активтер			
Бөлінген активтер	1		
оның ішінде:			
талап ету құқықтары	1.1		
кастодиан банктің шоттарындағы бөлінген активтер	1.2		
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	2		
Акциялар	3		
Борыштық бағалы қағаздар	4		
Туынды бағалы қағаздар	5		
Басқа активтер	6		
Активтердің жиынтығы	7		
Міндеттемелер			
Шығарылған облигациялар	8		
Есептелген купон бойынша кредиторлық берешек	9		
Басқа міндеттемелер	10		
Міндеттемелердің жиынтығы	11		

Бірінші басшы

(ол болмаған кезеңде – оның орнындағы
 тұлға)

Бас бухгалтер

Орындаушы

Телефон

Мөрдін орны

күні

күні

күні

Нысан

(исламдық арнайы қаржы компаниясының толық атауы)
 20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша
 бөлінген активтер бойынша бухгалтерлік балансы

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті жылдың аяғында	Өткен жылдың аяғында
1	2	3	4
Активтер			
Екінші деңгейдегі банктердегі шоттардағы ақша	1		
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	2		
Акциялар (қатысу үлестері)	3		
Жалға берілген бөлінген активтер	4		
Басқа да активтер	5		
Активтердің жиынтығы	6		
Міндеттемелер			
Айналысқа шығарылған исламдық жалдау сертификаттары	7		
Айналысқа шығарылған исламдық қатысу сертификаттары	8		
Исламдық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеумен байланысты кредиторлық берешек	9		
олардың ішінде:			
Исламдық жалдау сертификаттары бойынша	9.1		
Исламдық қатысу сертификаттары бойынша	9.2		
Комиссиялық сыйақылар бойынша кредиторлық берешек	10		
Басқа да міндеттемелер	11		
Міндеттемелердің жиынтығы	12		

Бірінші басшы

(ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға)

Бас бухгалтер

Орындаушы

Телефон

Мөрдiң орны

күні

күні

күні

Нысан

(исламдық арнайы қаржы компаниясының толық атауы)
 20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша
 бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есебі

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті жылда	Өткен жылда
1	2	3	4
Кірістер			
Қаржылық жалдаудан болған кірістер	1		
Операциялық жалдаудан болған кірістер	2		
Инвестициялық жоба бойынша кірістер	3		
олардың ішінде:			
акциялар бойынша дивидендтер түрінде	3.1		
Басқа да кірістер (түсімдер)	4		
Кірістердің жиынтығы	5		
Шығыстар			
Исламдық бағалы қағаздар бойынша кірістерді төлеумен байланысты шығыстар	6		
олардың ішінде:			
исламдық жалдау сертификаттары бойынша	6.1		
исламдық қатысу сертификаттары бойынша	6.2		
Комиссиялық сыйақылар	7		
Операциялық шығыстар	8		
оның ішінде:			
амортизациялық аударымдар және тозу	8.1		
ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	8.2		
Басқа да шығыстар	9		
Шығыстардың жиынтығы	10		
Резервтік қорды құрғанға дейінгі таза пайда	11		
Резервтік қорды қалыптастыру (қалпына келтіру) бойынша шығыстар	12		
Таза пайданың (зиянның) жиынтығы	13		

Бірінші басшы

(ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға)

Бас бухгалтер

Орындаушы

Телефон

Мөрдiң орны

күні

күні

күні

Нысан

(жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы)
20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша бухгалтерлік балансы

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Өткен жылдың аяғында
1	2	3	4
Активтер			
Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары	1		
1) бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық почта операторын, Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарды және қызметінің айрықша түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда) осы қаулының 10 және 11-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) сақтандыру брокерлері осы қаулының 8 және 9-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

10. Микроқаржы ұйымдары тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті осы қаулының 10 және 11-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ұсынады.

11. Қаржылық есептілікті жасаған кезде қолданылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

12. Ай сайынғы және тоқсан сайынғы қаржылық есептілік ұсынылатын деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып, электрондық тасымалдауыштармен ұсынылады.

13. Қағаз тасымалдауыштағы қаржылық есептілікке бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер қол қойып, мөрмен куәландырылады және ұйымда сақталады. Ұлттық Банктің, Қаржылық қадағалау комитетінің және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалының талап етуі бойынша ұйым сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей түзетілген және өшірілген жерлері болмауы тиіс қағаз тасымалдауыштағы қаржылық есептілікті ұсынады.

14. Электрондық тасымалдауышта ұсынылған қаржылық есептілік қағаз тасымалдауыштағы қаржылық есептілікке сәйкес келуі тиіс. Электрондық тасымалдауышта ұсынылған деректердің қағаз тасымалдауыштағы деректермен бірдейлігін ұйымның бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы тұлға) қамтамасыз етеді.

15. Қаржылық есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда ұйым қаржылық есептілік ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке, Қаржылық қадағалау комитетіне және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш ұсынады.

16. Ұйым ұсынған қаржылық есептілікте толық емес және (немесе) шынайы емес ақпарат анықталған жағдайда Ұлттық Банк, Қаржылық қадағалау комитеті және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалы ұйымға бұл туралы хабарлайды. Ұйым Ұлттық Банк, Қаржылық қадағалау комитеті және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалы хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей ескертулер ескеріле отырып пысықталған қаржылық есептілікті ұсынады.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
күші жойылды деп танылатын қаулыларының тізбесі*

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамының, инвестициялық қорлардың және микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілігінің нысандары, тізбесі, ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2011 жылғы 25 ақпандағы № 11 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6890 тіркелген, 2011 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағының № 17 жарияланған).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы ұйымдарының және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігінің тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2011 жылғы 25 ақпандағы № 11 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 8 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7501 тіркелген, 2012 жылғы 28 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде № 195-200 (27274) жарияланған).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 271 қаулысына қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7976 тіркелген, 2012 жылғы 12 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 818-823 (27894) жарияланған).

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне микроқаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі және қаржылық есептілігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 388 қаулысына қосымшаның 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8350 тіркелген, 2013 жылғы 5 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде № 141 (28080) жарияланған).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 27 мамыр

№ 131

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, жекелеген қаржы ұйымдары жүргізетін операциялардың бухгалтерлік есебін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 тіркелген, 2008 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында № 12 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жалпы ережелер»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Шоттар жоспарының 2-тарауының 1 – 5-параграфтарында көзделген шоттар ұйымның бухгалтерлік балансында көрсетіледі.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 6 және 7-параграфтарында көзделген шоттар ұйымның пайда және залалдар туралы есебінде көрсетіледі.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 8-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатады және ұйымның шартты және ықтимал талаптары мен міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 9-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатады және меморандум шоттары болып табылады.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 10-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатады және клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерін есепке алуға арналған.»;

2-бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Шоттар»;

1-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Қысқа мерзімді активтер»;

1270 44-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шоттармен толықтырылсын:

«1270 45 Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы

1270 46 Қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-параграф. Ұзақ мерзімді активтер»;

3-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-параграф. Қысқа мерзімді міндеттемелер»;

3390 53 «Қосымша резервтер» шотының нөмірі және аты алып тасталсын;

3390 55 «Көзделмеген тәуекелдер резерві» шотының нөмірі және аты алып тасталсын;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-параграф. Ұзақ мерзімді міндеттемелер»;

5-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-параграф. Капитал және резервтер»;

5470 61-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шоттармен толықтырылсын:

«5490 40 Көзделмеген тәуекелдер резерві

5490 41 Тұрақтандыру резерві»;

5480 «Резервтерді (провизияларды) түзету шоты» шотының нөмірі және аты алып тасталсын;

6-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-параграф. Кірістер»;

6280 44-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шоттармен толықтырылсын:

«6280 45 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резервін төмендетуден кірістер

6280 46 Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервін төмендетуден кірістер

6280 47 Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервін төмендетуден кірістер

6280 48 Болмаған залалдар резервін төмендетуден кірістер»;

7-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-параграф. Шығыстар»;

7440 47-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шоттармен толықтырылсын:

«7440 48 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар

7440 49 Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар

7440 50 Болмаған залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар

7440 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар»;

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-параграф. Шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер»;

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-параграф. Меморандум шоттары»;

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«10-параграф. Клиенттердің сенімгерлік немесе инвестициялық басқарудағы активтері»;

3-бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шоттардың сипаттамасы»;

11-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Баланстық шоттар»;

1270 44-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1270 45 және 1270 46-шоттардың нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«1270 45 «Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы».

Мақсаты: сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жүргізіледі.

Шоттың кредиті бойынша сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есептен шығару жүргізіледі.

1270 46 «Қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы».

Мақсаты: қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру

сыйлықақыларының сомасы жүргізіледі.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есептен шығару жүргізіледі.»;

3390 53-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

3390 55-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

5470 61-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5490 40 және 5490 41-шоттардың нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«5490 40 «Көзделмеген тәуекелдер резерві».

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының көзделмеген тәуекелдердің есептелген резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша көзделмеген тәуекелдердің қалыптастырылған резервтерінің сомасы жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша көзделмеген тәуекелдердің қалыптастырылған резервтерінің сомаларын олар азайтылған кезде есептен шығару жүргізіледі.

5490 41 «Тұрақтандыру резерві».

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының есептелген тұрақтандыру резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қалыптастырылған тұрақтандыру резервтерінің сомасы жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша қалыптастырылған тұрақтандыру резервтерінің сомаларын олар азайтылған кезде есептен шығару жүргізіледі.»;

5480-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

6280 44-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6280 45, 6280 46, 6280 47 және 6280 48-шоттардың нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«6280 45 «Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резервін төмендетуден кірістер».

Мақсаты: еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резервін азайтуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резервін азайтуға байланысты кірістердің сомасы жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6280 46 «Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервін төмендетуден кірістер».

Мақсаты: болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервін азайтуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервін азайтуға байланысты кірістердің сомасы жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6280 47 «Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервін төмендетуден кірістер».

Мақсаты: мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервін азайтуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервін азайтуға байланысты кірістердің сомасы жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

6280 48 «Болмаған залалдар резервін төмендетуден кірістер».

Мақсаты: болмаған залалдар резервін азайтуға байланысты кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша болмаған залалдар резервін азайтуға байланысты кірістердің сомасы жүргізіледі.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.»;

7440 47-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7440 48, 7440 49, 7440 50 және 7440 51-шоттардың нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

«7440 48 «Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар».

Мақсаты: еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомасы жүргізіледі.

Шоттың кредиті бойынша шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

7440 49 «Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар».

Мақсаты: болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомасы жүргізіледі.

Шоттың кредиті бойынша шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

7440 50 «Болмаған залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар».

Мақсаты: болмаған залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болмаған залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомалары жүргізіледі.

Шоттың кредиті бойынша шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.

7440 51 «Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар».

Мақсаты: мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомасы жүргізіледі.

Шоттың кредиті бойынша шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жүргізіледі.»;

12-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-параграф. Шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер»;

13-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-параграф. Меморандум шоттары»;

14-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-параграф. Клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтері».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының 1-тармағының отыз алтыншы және сексен бесінші абзацтары 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 28 маусым

№ 149

«Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері жүзеге асыратын «жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған «Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. «Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 97 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5421 тіркелген, 2008 жылғы 31 желтоқсанда «Заң газеті» газетінде № 197 (1423) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 5 тамызда №8596 тіркелген

*«Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы
сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының
бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі
нұсқаулық*

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және «жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері жүзеге асыратын операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржылық есептілікті ашуына қойылатын талаптар, сондай-ақ есеп саясатын қалыптастыруға қойылатын талаптар халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленеді.

3. Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

4. Нұсқаулыққа, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының және «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына қайшы келмейтін қосымша бухгалтерлік жазбаларды жасауға жол беріледі.

2. «Жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) операцияларының бухгалтерлік есебі

1-параграф. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) операцияларын есепке алу

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша тиесілі сақтандыру сыйлықақысының сомасы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты күшіне енген күннен бастап кіріс ретінде танылады. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғау қолданысының басталу күні сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының күшіне ену күнінен кейін басталатын болса, онда сақтандыру сыйлықақысының сомасы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғаудың күшіне ену күнінен бастап кіріс ретінде танылады.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты күшіне енген күннен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысының сомасына тиісті шоттардың дебеті (бұдан әрі – Дт) және кредиті (бұдан әрі – Кт) бойынша мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты күшіне енген кезде:

Дт	1280 41	Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,
	1280 42	Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары

- Кт 3520 Болашақ кезеңдердің кірістері;
 2) егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғау қолданысының басталу күні сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының күшіне ену күнінен кейін басталатын жағдайда:
 Дт 3520 Болашақ кезеңдердің кірістері
 Кт 6280 41 Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер;
- 3) егер сақтандыруды қорғау қолданысының басталу күні сәйкес келетін немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының күшіне ену күнінен бұрын басталатын жағдайда:
 Дт 1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
 1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
 Кт 6280 41 Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер.
7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептелген сақтандыру сыйлықақысын нақты алған кезде:
 Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
 Кт 1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,
 1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары.
8. Сақтанушы (қайта сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын алдын ала төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:
 1) сақтандыру сыйлықақысын алдын ала төлеуді нақты алған кезде:
 Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты,
 Кт 3510 41 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша алынған аванстар;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғау қолданыла бастаған күннен бастап:
 Дт 3510 41 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша алынған аванстар
 Кт 6280 41 Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер.
9. Сақтандыру агенттері мен брокерлерінің делдалдығымен сақтандыру шарттары жасалған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:
 1) сақтандыру агентіне немесе сақтандыру брокеріне алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу жүзеге асырылған кезде:
 алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу сомасына:
 Дт 1610 01 Берілген қысқа мерзімді аванстар
 Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;
 делдалдық қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжаттар алынған кезде:
 Дт 1630 Өзге қысқа мерзімді активтер
 Кт 1610 01 Берілген қысқа мерзімді аванстар;
- 2) агенттің сақтандыру шартын жасау күніне сақтандыру агенті мен сақтандыру брокерінің қызметтері үшін комиссиялық сыйақы есептелген кезде агентке төленуге тиіс комиссиялық сыйақы сомасына:
 Дт 1630 Өзге қысқа мерзімді активтер
 Кт 3390 41 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу;
- 3) сақтандыру агенті жасаған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде есепті кезеңдегі шығыстарға амортизациялануға тиіс кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар сомасына:
 Дт 7470 48 Сақтандыру брокерлерінің қызметтеріне ақы төлеу шығыстары
 Кт 1630 Өзге қысқа мерзімді активтер.
10. Сақтандыру ұйымдары сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінен алған қызмет көрсетулер бойынша делдалдық қызмет үшін комиссиялық сыйақы шартына сәйкес комиссиялық сыйақы нақты төленген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:
 Дт 3390 41 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу
 Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

11. Қайта сақтандыру ұйымы қайта сақтанушыға комиссиялық сыйақы сомасын төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) қайта сақтанушыға алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу жүзеге асырылған кезде:
алдын ала комиссиялық сыйақы төлеу сомасына:

Дт 1610 01 Берілген қысқа мерзімді аванстар

Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

комиссиялық сыйақыны қайта сақтандыру шарты негізінде шығыстар шоттарына жатқызу кезінде, есептелген шығыстар сомасына:

Дт 7470 45 Қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақыны төлеу шығыстары

Кт 1610 01 Берілген қысқа мерзімді аванстар;

2) қайта сақтанушыға комиссиялық сыйақы есептелген кезде:
комиссиялық сыйақы сомасы есептелген кезде:

Дт 7470 45 Қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақыны төлеу шығыстары

Кт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу;

комиссиялық сыйақы сомасы нақты төленген кезде:

Дт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу

Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын мерзімінен бұрын бұзған жағдайда мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақыларының сомасына:

Дт 7470 40 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметімен байланысты шығыстар

Кт 1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,

1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары;

2) ақша төленуге жататын сомаға:

Дт 7470 50 Өзге шығыстар

Кт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,

3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу;

3) нақты төленетін ақша сомасына:

Дт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,

3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу

Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптары өзгерген жағдайда алынуға тиіс сақтандыру сыйлықақысы азайған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) алынуға тиіс бұрынғы және жаңа сақтандыру сыйлықақысы сомаларының арасындағы айырмашылық сомасына Нұсқаулықтың 12-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады;

2) болашақ сақтандыру сыйлықақыларын төлеу есебіне құралған айырмашылықты есептеу кезінде:

Дт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,

3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу

Кт 3520 Болашақ кезеңдердің кірістері;

сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер танылған кезде:

Дт 3520 Болашақ кезеңдердің кірістері

Кт 6280 41 Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер.

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптары өзгерген жағдайда сақтанушы (қайта сақтанушы) төлеуге тиіс сақтандыру сыйлықақысы ұлғайған кезде алынуға тиіс бұрынғы және жаңа сақтандыру сыйлықақысы сомаларының арасындағы айырмашылық сомасына Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

15. Әрбір есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржылық есептіліктің халықаралық

стандарттарының талаптарына және сақтандыру ұйымының есеп саясатына сәйкес есептелген, бірақ алынбаған сақтандыру сыйлықақыларының құнсыздануына тестілеу жүргізеді. Сақтандыру сыйлықақылары құнсыздануының объективті белгілері болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы құнсызданудан болған шығынды есептейді және мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

1) сақтандыру сыйлықақыларының құнсыздануынан болған шығындарды жабуға резервтер (провизиялар) құру кезінде:

Дт 7440 03 Басқа дебиторлық берешек бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру шығыстары

Кт 1290 01 Дебиторлық берешек бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар);

2) бұрын қалыптастырылған резервтер (провизиялар) азайған кезде:

Дт 1290 01 Дебиторлық берешек бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)

Кт 6240 03 Басқа дебиторлық берешек бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген сақтандыру ұйымының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мерзімі өткен алынбаған сақтандыру сыйлықақыларын баланстан есептен шығарған және оларды өндіріп алу бойынша шағым-талап арыз беру жұмысы тоқтатылған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт 1290 01 Дебиторлық берешек бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)

Кт 1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,

1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары.

2-параграф. Сақтандыру резервтері бойынша операцияларды есепке алу

16. Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резервін, орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резервін, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервін, кездейсоқ тәуекелдердің резервін және тұрақтандыру резервін қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) қалыптастырылатын еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві сомасына:

Дт 7440 41 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резервін қалыптастыру шығыстары

Кт 3390 48 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві;

2) қалыптастырылатын орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві сомасына:

Дт 7440 42 Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары

Кт 3390 49 Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві;

3) қалыптастырылатын мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві сомасына:

Дт 7440 45 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары

Кт 3390 52 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві;

4) қалыптастырылатын кездейсоқ тәуекелдердің резерві сомасына:

Дт 5520 Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны)

Кт 5490 40 Кездейсоқ тәуекелдердің резерві;

5) қалыптастырылатын тұрақтандыру резерві сомасына:

Дт 5520 Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны)

Кт 5490 41 Тұрақтандыру резерві.

17. Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві, орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві, кездейсоқ тәуекелдердің резерві және тұрақтандыру резерві азайған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резервінің азаю сомасына:

Дт 3390 48 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві

Кт	6280 45	Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резервінің төмендеуінен түскен кірістер;
		2) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінің азаю сомасына:
Дт	3390 49	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві
Кт	6280 46	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінің төмендеуінен түскен кірістер;
		3) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің азаю сомасына:
Дт	3390 52	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві
Кт	6280 47	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің төмендеуінен түскен кірістер;
		4) Кездейсоқ тәуекелдер резервінің азаю сомасына:
Дт	5490 40	Кездейсоқ тәуекелдердің резерві
Кт	5520	Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны);
		5) Тұрақтандыру резервінің азаю сомасына:
Дт	5490 41	Тұрақтандыру резерві
Кт	5520	Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны).

3-параграф. Сақтандыру төлемдері бойынша операцияларды есепке алу

18. Сақтандыру ұйымы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеген кезде (егер сақтандыру сыйлықақысы мерзімі ұзартылып төленген болса, онда сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен алынбаған сақтандыру жарналарының сомасына азайтуға құқылы) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сақтандыру ұйымы:

сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасын есептеу кезінде:

Дт	3390 52	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві
Кт	3390 44	Сақтанушылармен есеп айырысу,
	1280 41	Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары;
		және бір мезгілде осы сомаға:
Дт	7470 41	Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары
Кт	7440 45	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары
		сақтанушыға (пайда алушыға) төлем сомасына сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде:
Дт	3390 44	Сақтанушылармен есеп айырысу
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

2) қайта сақтандыру ұйымы:

қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасын есептеген кезде:

Дт	3390 52	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві
Кт	3390 43	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
	1280 42	Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары;
		және бір мезгілде осы сомаға:
Дт	7470 42	Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары
Кт	7440 45	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары
		қайта сақтанушыға (пайда алушыға) төлем сомасына сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде:
Дт	3390 43	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

4-параграф. Сақтанушының (сақтандырылушының) шығындарды (суброгацияларды) өтеу құқықтарын есепке алу

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығы (бұдан әрі – регресстік талап) өткен кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы төленген сома шегінде мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

- 1) 1) регресстік талап сомасына:
Дт 1280 44 Келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын талаптар
Кт 6280 43 Регресстік талап бойынша өтеуге байланысты кірістер;
- 2) ақшаны немесе мүлікті нақты алған кезде:
Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты,
1300 Қорлар»,
2410 Негізгі құрал-жабдықтар
Кт 1280 44 Келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын талаптар.

20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта сақтандыру шартына сәйкес келтірілген зиян үшін жауапты тұлғадан алынған регресстік талап бойынша өтеуді қайта сақтандыру ұйымына өткізген кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өтеу сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

- 1) 1) қайта сақтандыру ұйымына тиесілі өтеу бойынша есептелген шығыс сомасына:
Дт 7470 44 Регресстік талап бойынша қайта сақтандырушыға өтеу шығыстары
Кт 3390 45 Регресстік талап бойынша қайта сақтандырушыға өтеу бойынша есептелген шығыстар;
- 2) төленетін өтеу сомасына:
Дт 3390 45 Регресстік талап бойынша қайта сақтандырушыға өтеу бойынша есептелген шығыстар
Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

5-параграф. Тікелей реттеу бойынша операцияларды есепке алу

21. Жәбірленуші көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға жәбірленуші өтініш жасаған кезде мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві қалыптастырылады және Нұсқаулықтың 16-тармағының 3) тармақшасында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

22. Тікелей сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеген кезде тікелей сақтандырушы өтеу сомасына Нұсқаулықтың 18-тармағының 1) тармақшасында көзделген бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады.

23. Тікелей сақтандырушы жауапты сақтандырушыға сақтандыру жағдайын реттеу туралы хабарлама жіберген кезде төленген сақтандыру төлемі бойынша өз шығыстарын өтеу үшін мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

- 1) сақтандыру төлемі бойынша жұмсалған шығыстар сомасына:
Дт 1280 44 Келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын талаптар
Кт 6280 43 Регресстік талап бойынша өтеуге байланысты кірістер;
- 2) ақшаны немесе мүлікті нақты алған кезде:
Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
1300 Қорлар
2410 Негізгі құрал-жабдықтар
Кт 1280 44 Келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын талаптар.

24. Жауапты сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеген кезде жауапты сақтандырушы Нұсқаулықтың

18-тармағының 1) тармақшасында көзделген бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады.

3. «Өмірді сақтандыру» саласындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) операцияларының бухгалтерлік есебі

1-параграф. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) операцияларын есепке алу

25. Сақтанушы (қайта сақтанушы) өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасау кезінде өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша барлық сақтандыру сыйлықақысының сомасы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын қолданудың бүкіл мерзімі ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында көзделген тиісті үлестерімен кірісі ретінде танылады.

26. Егер өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтанушының (қайта сақтанушының) сақтандыру сыйлықақыларын өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын қолдану мерзімі немесе өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында белгіленген басқа мерзім аяқталғанға дейін жыл сайын (тоқсан сайын, ай сайын) төлеуі көзделсе, кіріс бір жыл (тоқсан, ай) ішінде алуға тиісті мөлшерде танылады және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сақтанушыдан (қайта сақтанушыдан) алынуға тиісті мөлшерде есептелген кірістер сомасына:

Дт 1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,
1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары

Кт 6280 41 Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер;

2) нақты түскен сақтандыру сыйлықақылары сомасына:

Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты

Кт 1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,
1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары.

27. Егер өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтанушының (қайта сақтанушының) сақтандыру сыйлықақыларын біржолғы төлеуі көзделсе, сақтандыру сыйлықақысының барлық сомасы толық көлемде өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты күшіне енген сәттен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кірісі ретінде танылады және Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

28. Сақтанушы (қайта сақтанушы) өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасаған кезде өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының сомасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кірісі ретінде танылады.

29. Егер өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтанушының (қайта сақтанушының) сақтандыру сыйлықақыларын біржолғы төлеуі көзделсе, сақтандыру сыйлықақысының барлық сомасы толық көлемде өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты күшіне енген сәттен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кірісі ретінде танылады және Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

30. Егер өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтандыру сыйлықақыларын бөліп төлеу көзделсе, кіріс өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында белгіленген тиісті үлестермен оның қолданылу мерзімінің соңына дейін танылады және Нұсқаулықтың 25-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

31. Сақтанушы (қайта сақтанушы) кезекті сақтандыру сыйлықақыларын төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда сақтандыру сыйлықақысының мерзімін өткізіп алу кезеңі басталған күннен бастап мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1270 45 Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы

	1270 46	Қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы
Кт	1280 41	Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
	1280 42	Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары.

32. Сақтанушыдан мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақылары түскен кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаты
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1270 45	Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы
	1270 46	Қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы.

33. Жинақтаушы не жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, ұйым сақтанушыға (қайта сақтанушыға) немесе өмірді жинақтаушы не жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында немесе Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерінде белгіленген тұлғаға, жинақтаушы сақтандыру жағдайында – жұмсалған шығыстарды шегере отырып не жинақтаушы емес сақтандыру жағдайында – сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығын ескере отырып сатып алу сомасын төлейді және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) толық алынбаған сақтандыру сыйлықақыларын түзету сомасына:

Дт	7470 40	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметімен байланысты шығыстар
Кт	1280 41	Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары;

2) сатып алу сомасын не сақтандыру сыйлықақысының бөлігін төлеу сомасына:

Дт	7470 40	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметімен байланысты шығыстар
Кт	3390 43	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
	3390 44	Сақтанушылармен есеп айырысу;

3) нақты төлеу кезінде:

Дт	3390 43	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
	3390 44	Сақтанушылармен есеп айырысу
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

34. Сақтанушы сақтандыру сомасын төленген сақтандыру сыйлықақыларын есепке ала отырып, өмірді жинақтаушы немесе жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес бұрынғы және жаңа сақтандыру сыйлықақысының арасындағы айырма сомасына азайтқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сақтанушыға (қайта сақтанушыға) төленуге тиісті сомаға:

Дт	7470 40	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметімен байланысты шығыстар
Кт	1280 41	Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,
	1280 42	Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,
	3390 43	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
	3390 44	Сақтанушылармен есеп айырысу;

2) нақты ақы төленген кезде:

Дт	3390 43	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
	3390 44	Сақтанушылармен есеп айырысу
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

3) болашақтағы сақтандыру сыйлықақыларын төлеу есебінде пайда болған айырмашылықты есепке алу кезінде:

Дт	3390 43	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
	3390 44	Сақтанушылармен есеп айырысу
Кт	3520	Болашақ кезеңдердің кірістері (жеке қосалқы шот);

4) сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістерді тану кезінде:

Дт 3520 Болашақ кезеңдердің кірістері (жеке қосалқы шот)
Кт 6280 41 Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер.

35. Сақтанушы сақтандыру сомасын сақтандыру шарты негізінде сақтанушы (қайта сақтанушы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына төлеуі тиіс сақтандыру сыйлықақыларының ұлғаю сомасына ұлғайтқан кезде Нұсқаулықтың 25-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

36. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтанушыға (қайта сақтанушыға) немесе өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес сақтандыру сомасын алуға уәкілетті тұлғаға өзінің сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша берешегінің сомасына азайтылған сақтандыру төлемін төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасын есептеу кезінде:

Дт 3390 50 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві,
3390 52 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві
Кт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу,
1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары,
1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары;
және бір мезгілде осы сомаға:

Дт 7470 41 Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары
Кт 7440 43 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары,
7440 45 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары;

сақтандыру сомасын және жинақталған кірісті нақты төлеу сомасына:

Дт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу,
3390 54 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да кредиторлық берешек (жеке қосалқы шот)
Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

2-параграф. Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша операцияларды есепке алу

37. Сақтанушы сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын біржолғы (бір рет) төлеуі талабымен аннуитеттік сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру ұйымы сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер сомасына Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады.

38. Сақтанушы аннуитеттік сақтандыру шартында белгіленген мерзімнің соңына дейін кезеңдік негізде сақтандыру сыйлықақыларын төлеу талабымен аннуитеттік сақтандыру шартын жасаған жағдайда, сақтандыру ұйымы Нұсқаулықтың 25-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады.

39. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақыларын аннуитеттік сақтандыру шартында белгіленген кезеңділікпен төлеу мерзімі аяқталғаннан кейін сақтандыру төлемдерінің сомалары есептелген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) есептелген кезеңдік төлемдер сомасына:

Дт 7470 41 Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары
Кт 3390 Сақтанушылармен есеп айырысу;

2) нақты ақы төленген кезде:

Дт 3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу
Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

40. Өмірді жинақтаушы және жинақтаушы емес сақтандыру шарттарын қайта сақтандыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Сақтандыру резервтері бойынша операцияларды есепке алу

41. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша орын алмаған шығындардың резервін қалыптастыру кезінде қалыптастырылатын резерв сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7440 43	Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары
Кт	3390 50	Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві.

42. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша орын алмаған шығындардың резервін азайту (түзету) кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3390 50	Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві
Кт	6280 48	Орын алмаған шығындар резервінің төмендеуінен түскен кірістер.

43. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің бухгалтерлік есебі Нұсқаулықтың 16-тармағының 3) тармақшасына және 17-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

44. Өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінің бухгалтерлік есебі Нұсқаулықтың 16-тармағының 2) тармақшасына және 17-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша орын алмаған шығындардың резервін қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7440 44	Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резервін қалыптастыру шығыстары
Кт	3390 51	Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві.

46. Аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша орын алмаған шығындардың резервін азайту (түзету) кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	3390 51	Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві
Кт	6280 48	Орын алмаған шығындар резервінің төмендеуінен түскен кірістер.

4-параграф. Берілген қарыздар бойынша операцияларды есепке алу

47. Сақтандыру ұйымы сақтанушыларға сатып алу сомасы шегінде қарыздар берген кезде берілген қарыз сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1110 21	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар,
	2010 21	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

48. Қарыз шартына сәйкес сыйақы есептеген кезде сақтандыру ұйымы мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

1) сыйақы түріндегі есептелген кірістер сомасына:

Дт	1270 25	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер,
	2170 25	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
Кт	6110 32	Қарыздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер;

2) негізгі борышты және есептелген сыйақыны өтеу сомасына:

Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1110 21	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар,

2010 21	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар,
1270 25	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер,
2170 25	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер.

5-параграф. Сақтанушының сақтандыру ұйымының инвестицияларына немесе пайдасына қатысу операцияларын есепке алу

49. Сақтанушының сақтандыру ұйымының инвестицияларына қатысуымен өмірді сақтандыру шарты бойынша ішкі резерв қорын қалыптастыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігінің сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	4430	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер.

50. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін алдын ала төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігі нақты алынған кезде:

Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	3510 41	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша алынған аванстар;

2) ішкі резерв қорын қалыптастырған кезде:

Дт	3510 41	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша алынған аванстар
Кт	4430	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер.

51. Ішкі резерв қорының қаражаты инвестициялық портфельді басқарушының басқаруына берілген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1280 01	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржылық активтер
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

52. Инвестициялық портфельді басқарушы ішкі резерв қорының қаражаты есебінен бағалы қағаздарды немесе өзге де активтерді сатып алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	4430	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер
Кт	1280 01	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржылық активтер.

53. Қайтыс болу, аннуитеттік төлемдердің басталу күніне дейін өмір сүру жағдайында сақтандыру төлемі төленген жағдайда, не сақтанушының сақтандыру ұйымының инвестицияларына қатысуымен өмірді сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, ішкі резерв қорының соңғы құны сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

осы өмірді сақтандыру шартына қатысты қор бірліктерін сатудан алынған сомаға:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	4430	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер;
сақтандыру компаниясына тиесілі есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:		
Дт	1270 35	Сенімгерлік операциялар бойынша қызметтер үшін есептелген комиссиялық кірістер
Кт	6110 26	Сенімгерлік операциялар бойынша қызметтер үшін комиссиялық кірістер;

нақты алынған комиссиялық сыйақы сомасына:

Дт	4430	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер
Кт	1270 35	Сенімгерлік операциялар бойынша қызметтер үшін есептелген комиссиялық кірістер;

сақтандыру төлемінің қалған сомасына:

Дт	4430	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,

1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

54. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі төленген, жинақтаушы сақтандыру мерзімі аяқталған жағдайда не сақтанушының сақтандыру ұйымының пайдасына қатысуымен өмірді сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сақтандыру шарты бойынша бөлінген пайда сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

бөлінген пайданы есептеу кезінде:

Дт	5520	Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны)
Кт	4430	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер; сақтандыру төлемін нақты жүзеге асырған кезде:
Дт	4430	Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

4. «Жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салаларындағы қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебі

55. Қайта сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандыру ұйымы мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

1) есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасына:

Дт	7470 40	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметімен байланысты шығыстар
Кт	3390 42	Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу;

1) төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасына:

Дт	3390 42	Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

56. Сақтанушының (қайта сақтанушының) кінәсі бойынша мерзімінде төленбеген және қайта сақтандыру ұйымына аударылуға тиіс сақтандыру сыйлықақылары туындаған жағдайда мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) мерзімінде төленбеген сақтандыру сыйлықақыларының сомасына:

Дт	7470 40	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметімен байланысты шығыстар
Кт	3390 42	Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу;

2) сақтанушылардан мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақылары түскен кезде:

Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1270 45	Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы, және бір мезгілде қайта сақтандыру ұйымына аударылуға жататын сақтандыру сыйлықақыларының сомасына:

Дт	3390 42	Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу
Кт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

57. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың, орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың, орын алмаған шығындардың, аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервтері бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві бойынша қайта сақтандыруға байланысты активті қалыптастыру кезінде:

Дт	1280 47	Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері
Кт	6280 42	Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуіне байланысты кірістер.

2) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыруға байланысты активті қалыптастыру кезінде:

Дт 1280 48 Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері

Кт 6280 42 Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуіне байланысты кірістер;

3) өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыруға байланысты активті қалыптастыру кезінде:

Дт 1280 49 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері

Кт 6280 42 Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуіне байланысты кірістер;

4) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыруға байланысты активті қалыптастыру кезінде:

Дт 1280 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері

Кт 6280 42 Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуіне байланысты кірістер.

58. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың, орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың, орын алмаған шығындардың, аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервтері бойынша қайта сақтандыру активтерін азайту (түзету) кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 48 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар

Кт 1280 47 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері;

2) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 49 Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар

Кт 1280 48 Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері;

3) өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 50 Орын алмаған шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар

Кт 1280 49 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері;

4) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт 7440 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуды төмендетуден болған шығыстар

Кт 1280 51 «Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері».

59. Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындарды жабу резервтері (провизиялар) құрылған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 7440 47 Қайта сақтандыру активтері бойынша резервтер (провизиялар) қалыптастыру шығыстары

Кт 1290 41 Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындарды жабу резервтері (провизиялар).

60. Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындарды жабу резервтері (провизиялар) азайтылған (жойылған) кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

- Дт 1290 41 Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындарды жабу резервтері (провизиялар)
- Кт 6240 03 Басқа дебиторлық берешектен болған шығындарды жабу үшін өткен кезеңдерде құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер.

61. Құрылған резервтер (провизиялар) есебінен қайта сақтандыру активтері есептен шығарылған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

- Дт 1290 41 Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған шығындарды жабу резервтері (провизиялар)
- Кт 1280 47 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері,
1280 48 Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,
1280 49 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,
1280 50 Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,
1280 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері.

62. Сақтандыру ұйымы қайта сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде қайта сақтандыру ұйымына талаптар туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) туындайтын талап сомасына:

- Дт 1280 46 Қайта сақтандырушыларға талаптар
- Кт 6280 44 Сақтандыру қызметінен түскен басқа кірістер;

2) нақты алынған ақша сомасына:

- Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.
- Кт 1280 46 Қайта сақтандырушыларға талаптар.

63. Қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандыру ұйымынан комиссиялық сыйақылар түрінде кіріс есептелген және/немесе алынған кезде қайта сақтанушы мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

1) қайта сақтандыру шарты күшіне енген кезде:

- Дт 1270 41 Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер
- Кт 6110 41 Қайта сақтандыру шарттары бойынша комиссиялық кірістер;

2) ақшаны нақты алған кезде:

- Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
- Кт 1270 41 Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер.

64. Егер қайта сақтандыру шартының талаптарында қайта сақтандыру ұйымының қайта сақтанушыға комиссиялық сыйақы төлеу бойынша берешегінің және қайта сақтанушының қайта сақтандыру ұйымына сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша берешегінің сомасын есепке алу мүмкіндігі көзделсе, есепке алынатын сомаға мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) қайта сақтанушы:

- Дт 3390 42 Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу
- Кт 1270 41 Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер;

2) қайта сақтандыру ұйымы:

- Дт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу
- Кт 1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары.

65. Сақтандыру жағдайы туындаған кезде қайта сақтандыру ұйымы қайта сақтанушыға келтірілген шығыстарды өтеу кезінде қайта сақтанушы қайта сақтандыру шартына сәйкес мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

ақшаны нақты алған кезде:

- Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,

	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1280 49	Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,
	1280 50	Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,
	1280 51	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері;

және бір мезгілде, өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша орын алмаған шығындар, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервтері бойынша бұрын есептелген қайта сақтандыру активтерінің сомасы қайта сақтандыру ұйымынан нақты алынған ақша сомасынан асып кеткен жағдайда:

қайта сақтандыру активін азайту (түзету) сомасына:

Дт	7440 48	Қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстар
Кт	1280 49	Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,
	1280 50	Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері,
	1280 51	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері.

5. Сақтандыру брокерінің қызметіне байланысты операциялардың бухгалтерлік есебі

66. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын тікелей сақтандыру ұйымына аударған кезде сақтандыру брокері көрсетілген делдалдық қызметтер үшін есептелген комиссиялық сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

көрсетілген делдалдық қызметтер үшін есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:

Дт	1270 43	Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері
Кт	6110 42	Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері;

нақты алынған комиссиялық сыйақы сомасына:

Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1270 43	Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері.

67. Сақтандыру брокері өз атынан және қайта сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шартын жасаған және сақтандыру брокері арқылы қайта сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын қайта сақтандыру ұйымына аударған жағдайда сақтандыру брокері мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

1) сақтандыру ұйымынан алынатын қайта сақтандыру сыйлықақысының сомасына:

Дт	1280 42	Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
Кт	3390 42	Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу;

2) қайта сақтандыру сыйлықақысының мөлшерінен сақтандыру брокеріне тиесілі есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:

Дт	1270 43	Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері
Кт	6110 42	Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері;

3) сақтандыру ұйымынан нақты алынған қайта сақтандыру сыйлықақысының сомасына:

Дт	1010	Кассадағы ақша қаражаты,
	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1280 42	Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары.

68. Сақтандыру брокері қайта сақтандыру ұйымына қайта сақтандыру сыйлықақысын аударған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) қайта сақтандыру сыйлықақысының мөлшерінен сақтандыру брокеріне тиесілі есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:

- Дт 3390 42 Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу
Кт 1270 43 Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері;
- 2) қайта сақтандыру сыйлықақысын Қазақстан Республикасының резиденті емес - қайта сақтандыру ұйымына берген кезде Қазақстан Республикасының резиденті еместің кірістерінен төлем көзінен ұсталатын салық сомасына:
- Дт 3390 42 Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу
Кт 3110 01 Төленуге тиіс корпоративтік табыс салығы;
- 3) қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандыру ұйымына төленетін қайта сақтандыру сыйлықақысының қалған сомасына:
- Дт 3390 42 Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу
Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.
69. Сақтандыру брокері өз атынан және қайта сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шартын жасаған және қайта сақтанушы қайта сақтандыру сыйлықақыларының сомасын тікелей қайта сақтандыру ұйымына аударған жағдайда сақтандыру брокері мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:
- 1) есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:
- Дт 1270 43 Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері
Кт 6110 42 Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері;
- 2) нақты алынған комиссиялық сыйақы сомасына:
- Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт 1270 43 Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері.
70. Сақтандыру брокері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан сақтандыру төлемдерін жинау қызметтерін көрсеткен кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:
- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан алынуға тиісті сақтандыру төлемдерінің сомасына:
- Дт 1280 45 Сақтандырушыларға талап,
1280 46 Қайта сақтандырушыларға талаптар
Кт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу;
- 2) сақтандыру төлемінің мөлшерінен сақтандыру брокеріне тиесілі есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:
- Дт 1270 43 Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері
Кт 6110 42 Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері;
- 3) сақтанушыға (қайта сақтанушыға) аударылуы тиіс нақты алынған сақтандыру төлемдерінің сомасына:
- Дт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт 1280 45 Сақтандырушыларға талап,
1280 46 Қайта сақтандырушыларға талаптар.
71. Сақтандыру брокері сақтанушыларға (қайта сақтанушыларға) сақтандыру төлемін аударған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:
- 1) сақтандыру брокеріне тиесілі есептелген комиссиялық сыйақы сомасына:
- Дт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу
Кт 1270 43 Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері;
- 2) сақтандыру төлемінің қалған сомасына:
- Дт 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу,
3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу
Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.
72. Сақтандыру брокері үшінші тұлғалар алдындағы өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру шарты жасалған сәттен бастап сақтандыру брокері

мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

сақтандыру ұйымына төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақыларының сомасына:

Дт 1620 01 Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақылары
Кт 3390 54 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа кредиторлық берешек;

сақтандыру ұйымына нақты аударылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасына:

Дт 3390 54 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа кредиторлық берешек

Кт 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

сақтандыру ұйымына аударылған сақтандыру сыйлықақыларын есепті кезең шығыстарына жатқызу сомасына:

Дт 7210 Әкімшілік шығыстар

Кт 1620 01 Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақылары.

6. Міндетті жарналар мен шартты міндеттемелерді есепке алу

73. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-мен қатысу шартын жасаған сақтандыру ұйымы міндетті жарналар сомаларын есептеу кезінде есептелген міндетті жарналар сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

Дт 7470 46 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналар төлеу шығыстары

Кт 3390 46 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналар төлеу жөніндегі міндеттемелер.

74. Сақтандыру ұйымы-қатысушы міндетті жарналарды төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3390 46 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналар төлеу міндеттемелері

Кт 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

75. Шартты міндеттемелерді қалыптастыру кезінде қатысушы-сақтандыру ұйымы қалыптастырылатын шартты міндеттеме сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

Дт 8130 Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес төтенше шартты жарналар

Кт 8430 Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасы бойынша шартты міндеттемелер.

76. Сақтандыру ұйымы-қатысушы төтенше жарналар сомаларын есептеу кезінде есептелген төтенше жарналар сомасына мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

Дт 7470 47 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналар төлеу шығыстары

Кт 3390 47 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналар төлеу міндеттемелері;

және бір мезгілде, осы төтенше жарналар сомасына шартты міндеттеменің сомасы азайтылады:

Дт 8430 Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасы бойынша шартты міндеттемелер

Кт 8130 Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес төтенше шартты жарналар.

77. Сақтандыру ұйымы-қатысушы төтенше жарналарды нақты төлеген кезде төленетін төтенше жарна сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3390 47 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналар төлеу міндеттемелері

Кт 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

78. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-дан өтемақы төлемдерін алған кезде сақтандыру ұйымы мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

1) өтемақы төлемдерін есептеу:

Дт 1280 53 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа дебиторлық берешек
Кт 6280 40 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты кірістер;
2) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-дан өтемақы төлемдерін нақты алған кезде:
Дт 1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт 1280 53 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа дебиторлық берешек.

79. Сақтандыру ұйымы-қатысушы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-дан өтемақы төлемдерін алмаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

тиесілі өтемақы төлемдерінің сомасына:

Дт 8430 Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасы бойынша шартты міндеттемелер
Кт 8130 Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес төтенше шартты жарналар;

және бір мезгілде, мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы-қатысушының сақтанушысымен жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеу үшін алынбаған өтемақы төлемдерінің сомасына:

Дт 3390 47 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналар төлеу міндеттемелері
Кт 6280 41 Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер.

80. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы деректер базасынан ақпарат беру қызметтеріне жарнаның белгіленген мөлшерлемесі бойынша ақы төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырады:

1) есептелген шығыстар сомасына:

Дт 7470 40 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметімен байланысты шығыстар
Кт 3390 54 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа кредиторлық берешек;

2) нақты төлеу кезінде:

Дт 3390 54 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа кредиторлық берешек
Кт 1010 Кассадағы ақша қаражаты,
1030 Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты.

Е-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.

Е-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік купондар және сертификаттар, интернет және хостинг, сондай-ақ, көптеген басқа қызметтердің төлем www.e-kzt.kz порталында қол жетімді болады.



«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пен ыңғайлы интерфейсті пайдалану оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі, ал электронды әмиянды ашу және толтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.

Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.

[HTTPS:// WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK](https://www.e-kzt.kz/feedback)